




İSTANBUL PAKETİ



Тарихы терең Стамбул қаласында түсірілген ерекше видео-дәрістерімізден ерекше әсер аласыздар деген сенімдеміз. Білім алу деген – тек қана құрғақ жаттаулардан тұрмау керек, бәлкі, терең танымға негізделу қажет.

Осы сабақтарымызды себеп қып, сіздерге тарихи тәлім арқылы руханияттың үлесін беруді көксейміз. Білім – Алланың нұры. Лайықты түрде сол нұрдың бір паршасын алуды баршамызға жазсын.

Сабақтардың сәтті әрі берекелі болуы, сонымен қоса сіздерге де байланысты. Әуелден ниетті жақсылап қойсаңыздар, соңына дейін жетіп, әр тапсырманы тиянақты орындасаңыздар, Ин ша Алла, мардымды нәтижеге қол жеткізген боласыздар. Оқытушының да талабы мен ниеті маңызды рөл ойнайды. Осы орайда, ерекше ықыласпен, шынайы көңілмен, алған адам расында пайда алса деген тілекпен осы курсты құрастырып шықтық.

Ev ödevi, ders 1



Алғашқы күннен бастап, сабақта өткен жаңа сөздерді пайдаланып, білетін сөздеріңізді сөз арасында қолданыңыз. Мысалы, ұстазға тапсырма тапсыратын кезде 'Selamünaleyküm, **hoca**', 'Merhaba, **hoca**', 'Merhabalar, **hoca**' деп жазыңыз.

'**Носа**' деген сөз – '**ұстаз**' деген мағына береді. Бұл сөздің де шығу тегі – Ислам мәдениетімен тығыз байланысты, әрі біздің қазақ тіліне бөтен емес. Бізде қазақтың үш жүзіне жатпайтын 'қожа' деген ру бар. Олар әуелі қазақ даласына Ислам дінін үйрету мақсатында келіп, жергілікті рулардан қыз алып, құдандасып, солай ассимиляцияға ұшырап, қазақтың руына айналып кеткен. Өзбекстанда өз қожалары бар, Қырғызстанда өз қожалары бар дегендей жалғасып кете береді. Демек, қожалар – ұстаз боп келді.

Шығыс әлемінің ертегілерінде белгілі кейіпкер – Қожанасырды жақсы танимыз. Оны араб әдебиетінде, парсы әдебиетінде, түрік әдебиетінде де оқыдық. Қожанасыр – Ходжа Насреддин (Носа Nasreddin), яғни, ұстаз Насреддин.

Осылайша, бүгінгі Анадолы түрікшесінде кең қолданылатын 'hoca' сөзінің анықтамасына үңіліп көрдік. Естеріңізде болса, дәрісте 'öğretmen' деген сөзді өттік. Оның да мағынасы 'ұстаз/мұғалім'. Алайда ол сөз 1923-жылдан кейін, Осман империясы ыдырап, орнына Республика жарияланып, дінге шектеулер жасалған уақытта, 'hoca' сөзін алмастыру үшін енгізілген жаңа сөз етін. Бүгінде 'hoca' сөзі кең қолданылады.

Aa Bb Cc Çç Dd Ee Ff Gg Ğğ

Hh Iı İi Jj Kk Ll Mm Nn

Oo Öö Pp Rr Ss Şş Tt

Uu Üü Vv Yy Zz

Әліппені бастан-аяқ жаттап алудың ешқандай мәнісі жоқ. Тек ішіндегі ерекше дыбысталатын, түрік тіліне тән төл әріптерін ажыратып, дұрыстап түсініп алсаңыздар болғаны ('Cc' әріпін 'S' деп оқымайтындай). Асылында бұл әріптер сіз бен бізге тансық емес. Мектеп қабырғасынан болсын, латын әріптерін білеміз.



Келесі беттерде сабақта өткен сөздер берілетін болады. Сол сөздерді визуалды картиналармен бекітіп, саналарыңызға отырғызып, ұмытпайтындай етіп жаттап алыңыздар.





Arkadaş – дос

Сөздің мағынасы біздің қазақ тіліндегі 'арқа' сөзімен тікелей байланысты. Arkadaş – сенің арқанда демеп тұратын, арқанды қағып қолдайтын адам деген мағынада.

Bebek – бөпе, сәби, нәресте

Ағылшын тіліндегі 'baby' сөзіне де ұқсайтын, жаттауға оңай, біздің тілдегідей сөз. Менің келіншегім Стамбулда босанған кезінде, баламыздың аты-жөні деген тұсқа дәрігерлер 'Bebek Shadi' деп жазып қойған екен. Сөздерді жаттаған кезде осы сынды бір оқиғалармен байланыстыруға тырысыңыздар.




Seket – сырт киім, джакет

Түрік тілінде жалпы интернационалды сөздер өте көп. Түріктердің өзі бүгінгі таңда 'Тіліміз былғанып кетті' деп налиды. Себебі Еуропа тілдерінен көптеген сөздер араласып кеткен. Осы сөз де соның бір мысалы.

Çiçek – гүл

Бұл сөздің қазақ тіліне қатысы жоқ деп ойласаңыздар, онда қателесесіздер. Қазақ тілінде 'Бәйшешек' деген сөздің барын білеміз. Сондағы 'Бәй' – бірінші, 'Шешек' – гүл. Шешек = çiçek.






Defter – дәптер

Бұл сөз қазақ тіліне де, түрік тіліне де араб тілінен енген. Араб тілі – семит тілдер тобына жатады. Семит тілдерінің ішінде көне арамей, сурияни тілдерінде осы сөздің 'diptera-אלפת' деп келгенін көреміз.

Elma – алма

Қазіргі Анадолы жеріндегі түріктер өз бастауын Орта Азиядан алатынын білеміз. Сол себепті көптеген сөздер ортақ, тек ара қашықтыққа байланысты, өзіндік дыбысталуларға ғана өзгерген.



Gül – гүл

Түбі парсы тілінен шығатын, біздің қазақ тілінде де осылай айтылатын сөз. Түрікше айтылуы біраз жұмсағырақ келеді. Бұл сөз сонымен қоса түріктердің тегінде (surname) көп кездеседі. Мысалы, Түркияның 11-президенті, Реджеп Тайып Эрдоғанның алдында елді басқарған, Эрдоғанды қолдаған басшыларының есімі – Abdullah Gül болған.

Öğretmen – мұғалім, оқытушы

Түрік тілінде көптеген мамандық атауларында және адамға қатысты қасиеттерде осылай -man, -men жұрнақтары жалғанады. Бұл қағида – бәрімізге ортақ көне түрік тілінен келеді. Мыласы, қазақ тіліндегі 'Өлермен', 'Жыларман', 'Данышпан' деген сынды сөздер осы қағидадан шығады.



Hastane – аурухана




Бұл сөздің түбірі парсы тілінен келеді. Парсышада 'Haste' – ауру, 'Hane/Hana/Hone' – үй. Яғни, 'Ауру үйі'. Қазақ тілінде де парсыша тіркес көп қолданылады. Мысалы, Дәріхана = дәрі үйі, Асхана = ас үйі ж/е т.б. Түрікшеге енген 'Hastehane' сөзі қысқарып 'Hastane' боп кеткен. 'H' дыбысының, жалпы жұтылып, жоқ боп кету қасиеті бар.

Işık – жарық

Бұл сөз – сипат мағынасында емес, бәлкі, зат есім мағынасында. Яғни, жарық шашатын құрылғыға қатыстырып айтады. Түбірі бәрімізге ортақ болған көне түрік тілінен келеді. Көне түрік тілінде 'Күн' сөзін 'Yaşuk' деп айтатын болған.



İnek – сиыр



Бұл сөздің де түбірі көне түрік тілінен келеді. Біздің қазақ тіліндегі 'Боз інген / буаз інген' сөзін естігенсіздер ме? Інген деп – айыр өркешті түйенің ұрғашысын айтады қазақта. Бәрімізге ортақ көне түрікшеде ұрғашы жануарларды 'Ingek' деп атаған. Анадолы түріктері бұл атауды сиыр ұрғашысын атауға алса, біз түйе ұрғашысын атауға алдық.

Jilet – ұстара

Түрік сөздігіне кейіннен қосылған, бір брендтің атауынан келіп, тұрақты бір мағына беретін сөзге айналған сөз. Ұстара және сонымен қоса ұстараның бөлек жүзіне де қарасты қолданыла береді.




Kalem – қалам



Араб тілінен енген, қазақ тілінде де бар сөз. Жалпы өзі қарап тұрсақ, араб тілінен көбіне білім-ғылымға қатысты сөздер еніп отқан. Қалам – білімнің бастауы, негізі. Сол себепті де ғалымдар білім алуда қаламмен жазу-сызудың артықшылығын келтіреді. Біз де өз курстарымызда сіздерге үйренген жаңа нәрселеріңізді жазып алуды кеңес етеміз.

Limon – лимон

Түсіндіруді қажет етпейтін сөз. Алайда қосымша дүниетаным үшін бөлісе кетейін, бұл сөз – ағылшын тіліне де, басқа да Еуропа тілдеріне араб тілінен кірген. Себебі алғаш Еуропаға 12-ғасырлар шамасында лимонның алғашқы сорттарын араб жерлерінен алып барған.



Masa – үстел

Жоғарыда түрік тілінің Еуропа тілдерімен араласқанын жазған болатынбыз. Бұл 'Masa' сөзі итальян тіліндегі 'Mensa' сөзінен бір әріпі түсіп қалып енген.

Numara – номер

Итальян-француз тілдерінен енген, ағылшын тілінде де бар 'numero/number' сөзінен енген. Біздің тілде қалай қолданылса, түрік тілінде де солай қолданылады.



Okul – мектеп

Османлы түрікшесінде 'Mektep' сөзі бар болатын. Алайда 1934 жылы, Мұстафа Кемал Ататүрік, түрік тілін араб-парсы сөздерінен тазартамыз деп, осы 'Okul' нұсқасын енгіздіреді. Түбірі көне түрік тіліне қайтуы мүмкін н/е француз тіліндегі мектеп мағынасын беретін '*école*' сөзі болуы мүмкін.



Öğrenci – оқушы, шәкірт

Үйренуші, тәлім алушы мағынасындағы сөз. Түрік тіліндегі 'Öğrenmek' етістігі 'Үйрену' мағынасын береді. Бұл сөз де Республика жарияланған соң өзгертілген. Ілгергі османлы түрікшесінде оқушыны 'Talebe' деп атайтын. Talebe – араб тілінен енген, білім талап етушіге қатысты қолданатын сөз етін.




Para – ақша

Әр сөздің шығу тарихына үңілетін болсақ, өте қызықты деректер көре аламыз. 'Para' сөзі парсы тілінен енген, біздің қазақ тілінде де бар сөз. Парсышадағы мағынасы 'сый-сияпат' дегенге саяды. Түрік тілінде бұл сөз ақшаға қолданылса, бізде сол заңсыз, харам сый-сияпат мағынасында жүр.




Resim – сурет

Араб тіліндегі 'із, белгі, рәсім, ишарат, сурет' мағынасынан келетін сөз. Қазақ тілінде де 'Рәсімдеу' деген сөзді 'Әрлеу/суреттеу' мағынасын беру үшін қолданамыз.



Su – су

Бүкіл түрік халықтарына ортақ сөз, түбі сол көне түрікшеден келеді (sub, suv).





Şişe – бөтелке

Бұл сөздің түбі парсы тілінен енеді (شیشه). Біздің қазақ тілінде, Шымкент диалектісінде 'Шиша' сөзі қолданылады. Мысалы, дүкенге барып бір шиша лимонад әкелші.

Telefon – телефон

Көне грек тілінде 'telos' – ұзақ, 'phone' – дыбыс дегенді білдіреді. Яғни, ұзақтарды байланыстыратын дауыс/дыбыс шығаратын құрылғы.




Uçak – ұшақ

Қазақ тіліндегі секілді мағына береді, сол мағынада қолданылады, айырмашылығы дек дыбысында ғана.

Ütü – үтік

Көне түрікшеден келген, біздің тілде де бар сөз. Бұны адамдар орыс тілінен енген деп шатасады. Асылында орыс тіліне біздің көне түрік тілінен енген. Алтын Орданың сан ғасырлық билігінің ізі десек болады. Орыс тілінде тюркизмдер өте көп. Оларды кейін бөлек түсіндіре жатамыз.



Valiz – шабадан

Француз тілінен осы мағынадағы 'Valise' сөзінен енген.

Yemek – тамақ

Yemek – қазақша 'жемек'. Түрік тілінде нанды 'екмек' дейді. Осы екеуін көбі шатастырады.

Zeytin – зәйтүн

Қасиетті Құран Кәрімде аты аталған өсімдік түрі. Арабтар, түріктер, жалпы Таяу Шығыс халқы кең қолданады.



Құрметті курсқа қатысушы!

Сөздердің бәріне арнайы фото қойып, жанына этимологиялық түсіндірмесін бере кеттік. **Тіл үйрену - терең танымға негізделу керек.** Сол кезде ғана жаңа есіктерді ашатын кілтті иемдене аласыз. Қарапайым ғана бір сөздің астарын ашып қарасақ, көптеген тарихты көре білеміз және өзге мәдениет пен өз мәдениетіміздің байланысын таба аламыз. Өзге халықтың тілін үйрену - өз, яғни, адамзаттың тарихын үйрену дей аламыз. Алла Тағала қасиетті Құран Кәрімде айтады:

يَا أَيُّهَا النَّاسُ إِنَّا خَلَقْنَاكُمْ مِنْ ذَكَرٍ وَفِ أَنْثَى
وَجَعَلْنَاكُمْ شُعُوبًا وَقَبَائِلَ لِتَعَارَفُوا

'Ей, адам баласы! Шынында, біз сендерді бір ерден және бір әйелден жараттық (бәріңнің түбің бір), және сендерді түрлі ұлттарға, ұлыстарға, тайпаларға бір-бірлеріңді тануларың үшін бөлдік'

Құрметті достар!

Біздің бүкіл жазған нәрселерімізді толық оқып, амалға асыруға тырысқайсыздар. Сонда курстың хаққысын толық өтеген боласыздар. 'Ұзақ, көп нәрсе жазған екенсіз... Мен оқып отыра алмаймын' дейтін болсаңыз, онда біздің курс сізге арналмаған. Мен өзім түндерде отырып, әрбір оқыған нәрсесі пайдалы болсын деген ниетте осының бәрін құрап шықтым. **Мақсатымыз - тек пайдалы білім беру!**

Видео-дәрісте айтылған, төменде берілген сөйлемдерді жаттап, ұстазға өзіңізді ВИДЕОҒА ТҮСІРІП жіберу керек!

Ben İstanbul havalimanındayım ve Türkiye'ye geldim, İNŞALLAH, türkçe çok iyi konuşmayı öğreneceğim.

Сөйлем мағынасы:

Мен Стамбул әуежайындамын және Түркияға келдім, ин ша Алла, түрікше өте жақсы сөйлеуді үйренемін.

Құрметті достар! Алғашқы сабақтан видео форматта жіберуді талап етіп жатқанымыздың өз хикметі бар. Блог жүргізіп жүрген адам ретінде, ол нәрсенің психологиялық аспектісін жақсы білеміз. Өзге адамдар қарайтын видео болғандықтан, әдемілеп, жақсылап дайындалып, қайта-қайта түсіріп жатамыз. Тура сол нәрсені білім алуда пайдалану қажетпіз.

Асықпай, видео-дәрістің соңғы жағын қайта қойып, менің айтқанымды қайта-қайта қайталап, паузаға қойып, өзіңіз айтып көріп, пысықтап барып жіберсеңіз, жақсы шығарына сенімдімін.

Бірінші сабақтан миымызға осылай салмақ салар болсақ, бір айлық интенсив аяқталған шақта, еркін сөйлей алатын боламыз. Жапон нейробиологы (Кикунори Синохара) айтады, адам қандай да бір нәрсе оқыған кезде миы қиналатын болса, ол сол нәрседен пайда алады, дамиды. Мысалы, $2+2=4$. Бұл өте оңай. Бұны шығаруда миымыз қиналмады. Бұл есепті шығару – біздің миға ешқандай пайда әкелмейді. Ал енді $148+4689=?$ болса ше?! Миымыз ойланып қалды... Міне, осы есепті шығаруға миымызды қозғаған кезде қандай әсер алсақ, жаңа тіл үйреніп бастағанда да сондай әсер аламыз және сол нәрсе біздің миды дамытады.

Алғашқы дәрістің соңы!

Дәріс пайдалы, танымды болды деген сенімдеміз. Алла Тағала береке беріп, білім есіктерін ашсын. Өміріңізде орын алатын үлкен бір өзгеріске осы түрік тілін үйреніп бастағаныңыз себеп болуы мүмкін.

Егер де әлеуметтік желіде курсымыз туралы бөлісетін болсаңыз, біздің парақшаларды белгілеп кетуді ұмытпағайсыз. Біз де өзімізге бөлісіп, өзгелерге де көрсете жүреміз.

